

ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

«Кіндік» кезеңіндегі Грециядағы діни
және рухани ізденістер



Дәрістің мақсаты: олимпиялық мифтерге және Платон мен Аристотельдің христиан және мұсылман теологиясында кең танымал идеялары.

Ежелгі грек мифологиясы мен философиясының тақырыбы өте кең. Сондықтан оны біз бұл жерде екі мәселе төңірегінде шоғырланамыз – классикалық мифология мен иудаизм, христиандық пен исламға ең қатты әсер еткен ойшылдар – Платон және Аристотельдің философиясы. Алайда бұл тақырыптарды да біз Карен Армстронгтың шығармасының аясында қарастырамыз. Біз мифология сөзімен әдетте ежелгі грек мифологиясын, нақтырақ айтсақ, оның бір дәуірі – олимпиялық кезеңді меңзейміз. Ал батыс философиясының барлық тарихы ағылшын философы А.Н. Уайтхадтің сөзінше Платон жазбалары ғана болып келеді.

Грек діні. Мирча Элиаде грек дініне қатысты кезеңдерді былайша бөледі:

- б.з.б. 30–15 ғасырлар – крит-минойдық дін.
- б.з.б. 15–11 ғасырлар – архаиттік ежелгі гректік дін.
- б.з.б. 11–6 ғасырлар – олимптік дін.
- б.з.б. 6–4 ғасырлар – философиялық-орфиялық дін (Орфей, Пифагор, Платон).
- б.з.б. 3–1 ғасырлар – эллиндік дәуір діні.

Аристотельдің Құдай жайлы түсініктері ибрахими діндерге, айрықша католиктерге үлкен ықпал етті. «Физикада» ол әлемнің құрылымы жайлы пайымдайды. Аристотель әлемнің эманация арқылы жаратылысы жайлы ежелгі аңыздың философиялық нұсқасын ойлап тапты. «Эманация – сөзбе-сөз «таусылу, тарау» дегенді білдіретін латындық термин». Аристотель бойынша, бүкіл әлем ілкі себептің қалауы немесе талпынысынсыз ілкі себептен жәй ғана ағады. Бұл терминді ұғыну үшін мысал келтірейік. Гүл белгілі бір мақсатпен, мәселен өзіне оны тозаңдандыратын жәндіктерді тарту үшін иіс шығарады. Май оның қыздырғанда ешқандай себепсіз иіс шығарады. Май иісі өзінше эманация. Алайда аналогия нақты емес, өйткені май иісі майдан ажыраған бөлек молекулалар арқылы тарайды. Ал бүкіл әлем алғаш себебі толық әлемді эманациялайды, ешнәрсені жоғалтпайды. Аристотель бұл аналогияны трактаттарында, терминдер мен пайымдаманың сәтсіздігін көрсете отырып, сынға алатын еді. Алайда мен бұл қисынсыздыққа, жәй ғана оның ойын түсіндіру үшін жүгінемін.

Аристотельдің Құдайы. Аристотель Құдайы – бұл дәл сол уақытта ойланушы мен ойдың өзі болып табылатын саф ой; Жоғары таным нысаны болып табылатын – әрдайым өзін тамашалауда. Басқаша айтсақ, ол толық өзіне шоғырланған. Аристотельдің Құдайы «Жылжымайтын қозғалтқыш» өзінің маңыздылығына қарамастан дерлік діни құндылыққа ие емес. Ол – әлемнің жаратушысы емес, өйткені жарату әрекеті дегенді білдіреді. Бүкіл әлем ішке тартушы күшпен Тәңірге бағытталғанымен, ол әлемнің істеріне немқұрайлы қарайды, себебі, ол өзінен төмен ешнәрсені тамашалай алмайды.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Осы уақыт кезіндегі біздің ата-бабаларымыздың мәдениеті туралы заманауи ғылымға не белгілі?
2. Карма туралы Сіздің пікіріңіз қандай? Сіз ол бар деп есептейсіз бе? Басқа діндердегі сәйкес қандай түсініктермен карманы салыстыруға болады?
3. Ведалық «ашвамедха» рәсімін сипаттаңыз. Оны басқа мәдениеттердегі құрбандық шалу рәсімдерімен, мысалы исламмен салыстырыңыз.
4. Буддизмнің Махаяна (Үлкен арба) және Хинаяна (Кіші арба) бағыттарын, сонымен бірге Б. Акуниннің детективтік романы «Алмазды арба» романында сипатталған бір экзотикалық бағытын сипаттаңыз.
5. Буддизм қазіргі кездегі бұқаралық мәдениетке қалай ықпал етті?
6. Қазақстандағы буддизм.



Бақылау сұрақтары

1. Кіндік уақыттың авторы кім? Қандай тарихи кезеңдерді ол қамтиды? Кіндік уақыттың мазмұны қандай?
2. «Ригведа» деген не? Болмыс құпиясын ол қалай түсіндіреді?
3. Брахман деген не? Оның монотеизмдегі Құдайдан айырмашылығы неде?
4. Карма деген не?
5. Йога деген не?
6. «Сансара дөңгелегі» және нирвана деген не?
7. Будда бойынша азаттыққа қалай жетуге болады. «Сансара дөңгелегі» және нирвана деген не?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

Кітаптар, мақалалар, видео, аудио, кино.

1. Карл Ясперс. Смысл и назначение истории. М., 1991.
2. Мирча Элиаде. Йога: Бессмертие и свобода. Киев, 2000.
3. Пятигорский А. М. Лекции по буддийской философии. СПб, 2004.